

Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № А-9/443 "

Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № а-9/388 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қазанда № 5564 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қазандағы № а-10/335 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 12.10.2017 № а-10/335 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабындағы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеуінің № 3831 Тізімінде тіркелген, 2013 жылғы 19 қазанда "Ереймен", "Ерейментау" газеттерінде жарияланған) Ерейментау ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 29 тамыздағы № А-9/443 қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшеріне мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Е.Әлжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ерейментау ауданы әкімдігінің
 2016 жылғы 13 қыркүйек
 № а-9/388 қаулысына
 қосымша
 Ерейментау ауданы әкімдігінің
 2013 жылғы 29 тамыздағы
 № а-9/443 қаулысымен
 бекітілді

Ерейментау ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ауданның атауы	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие беру ұйымы тәрбиеленушілердің саны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері		
	Ерейментау	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Ерейментау	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	190	0	520	23869,7	0	8460,8
жеке меншік	80	10	0	23869,7	16921,6	0

Ауданның атауы	Бір тәрбиеленушіге айына (теңге) шығындардың орташа құны			Мектепке дейінгі мекемелерде айына (теңге) ата-аналар төлемінің мөлшері		
	Ерейментау	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Мектеп жанындағы күні толық емес келумен шағын орталық	Ерейментау	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық	Мектеп кезінде толық емес келумен шағын орталық
мемлекеттік	23869,7	0	8460,8	10000	0	0
жеке меншік	23869,7	16921,6	0	18000	3000	0